

"Бекітемін"  
«№74 жалпы білім беретін  
мектеп» КММ директоры  
097 К. Калдығозова  
« » 2024 ж

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**  
**САРЫАҒАШ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ**  
**«№74 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ**  
**МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ МЕН БАСШЫЛЫҚ ЖОСПАРЫ**  
**2024-2025 оқу жылы**



## *Түсінік хат*

Білім беру саласындағы инновациялармен байланысты динамикалық өзгерістер мектеп әкімшілігінен білім беру процесін тиімді іске асыру үшін өзгерістерді жоспарлау мен басқаруда жаңа тәсілдерді талап етеді.

Білім беру ұйымының заманауи басшысында басқару құзыреттілігі болуы тиіс, өзінде стратегиялық көшбасшылық дағдыларын дамыта отырып, бүкіл мектеп командасының тиімді жұмыс нәтижесін көрсете алуы керек. Білім беру процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепшілік бақылауды сапалы жоспарлау мен жүзеге асыру маңызды.

Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын әрбір мектеп "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың Тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспарын әзірлейді (бұдан ары - МІБ).

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдауын жүргізген жөн.

6 бағытқа назар аудара отырып, әр мектептің әкімшілігі оқу жылының соңында бақылау объектілерін анықтайды және нақты білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін жетілдіру идеясына бағытталған басқару шешімдерін болжайды.

Мектепшілік бақылау жоспарын іске асыру бойынша әзірленген Нұсқаулық мектеп басшысы мен орынбасарларын қамтитын басқару тобына мектепшілік бақылауды іске асыруға жауапты барлық бағыттар бойынша тиімді басқару шешімдерін қабылдаудың пәрменді моделін құруға көмектеседі.

Нұсқаулықта нақты мектептің жағдайына бейімделуге болатын келесі материалдар берілген:

1. Бақылаудың әрбір бағыты бойынша «Басқару шешімдерінің матрицасы»;
2. Мектепшілік бақылау Жоспарының үлгілері мен жалпыланған нұсқалары.

Ұсынылатын материалдың әр нұсқасы тәжірибелік тұрғыдан құнды, өйткені оқу-тәрбие процесінің барлық көрсеткіштерінің жақсаруымен қатар, күшті жақтарын арттырып, қауіптерді азайту үшін МІБ жоспарын қолайлы, өзекті етуге мүмкіндік береді.

«Басқару шешімдерінің матрицасы» - қауіптерге негізделген объектілерді анықтауға арналған ыңғайлы алгоритм, ол сонымен қатар анықталған мәселені түзету немесе жою үшін басқарушылық шешімнің нұсқасын ұсынады. Жүргізілген жұмыстың тиімділігі мен тартылған әкімшілік ресурстардың орындылығы басқарушылық шешімдерді таңдауға байланысты болады.

МІБ жоспарының үлгілері мен жалпыланған нұсқалары бақылау жоспарының тақырыбын, мақсатын, түрін және басқа элементтерін анықтауда қиындықтары бар мектеп командалары үшін пайдалы болады.

МІБ жоспарлау кезінде SMART критерийлеріне сәйкес келетін (нақты, өлшенетін, қолжетімді, шынайы, уақытпен шектелген) бақылау мақсатын қоюға ерекше назар аудару қажет.

Әдістемелік бірлестік жетекшілерін, тәжірибелі педагогтарды, шығармашылық топтарды жұмысқа тарта отырып, мектеп командасының әрбір субъектісінің жауапкершілік дәрежесін дұрыс бөлу маңызды. Әр мұғалім мен сынып жетекшісі өз жұмысының әлсіз жақтарын дербес анықтап, жағдайды өз құзыреті шегінде түзететін өзін-өзі бақылау құралдарын әзірлеу басқарудың тиімді қадамы бола алады.

## **МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ**

# I. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ЖӘНЕ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС МЕКТЕП ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІН БАҚЫЛАУ

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау формасы/ әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы	Санитарлық-гигиеналық күн тәртібі, қауіпсіздік техникасы, оқу кабинеттері, асхана, спорт зал, кітапхананың дайындық деңгейін анықтау	Санитарлық-гигиеналық күн тәртібі, қауіпсіздік техникасы, оқу кабинеттері, асхана, спорт зал, кітапхана	тақырыптық	Зерделеу, бақылау	тамыз	Мектеп әкімшілігі	Пед. кеңес отырысында	Хаттама, бұйрық	
ҚР. Оқу-ағарту министрлігі «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат	Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алып, заңнамаларды сақтау	Жұмыс оқу жоспары	талқылау	Ағымдық	Тамыз	ДОДЖО Б. Сагинбаев	Пед. Кеңес отырысы №1 02.09.2024ж <i>28.08.</i>	Хаттама, бұйрық	
ҚР БМ –нің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалу деңгейі	Оқу жоспарын бекіту, мұғалімдердің оқу жүктемелерін бекіту. Үйірме жұмыстарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын бекіту. Сабақ кестесін бекіту	Оқу жоспары, мұғалімдердің оқу жүктемелері. Үйірме жұмыстарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары. Сабақ кестесі, вариативтік бөліктегі факультатив компонент	тақырыптық	Зерделеу, бақылау	тамыз	Мектеп әкімшілігі	Пед. кеңес отырысында	Хаттама, бұйрық	ПК қаңтар

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі.	КТЖ да үлгілік оқу бағдарламасы талаптарының сақталуын қамтамсыз ету (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы)	КТЖ және Үлгілік оқу бағдарламасы	Тақырыптық	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Тамыз	ДОДЖО Б.Сагинбаев	Әдістемелік кеңес отырыс	ӘБ отырыстарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау, хаттама.	ПК қаңтар
Оқу жұмыс жоспарының Үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі	Оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігін анықтау(ҚР БҒМ 26.10.2023 жылғы № 323 және 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығы)	Оқу жұмыс жоспары	Тақырыптық	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Тамыз	ДОДЖО Б.Сагинбаев	Педагогикалық кеңес		
«Оқуға құштар мектеп» Мектеп инт. Парақшаларында жүргізілетін үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу үдерісін кеңейту бойынша ресурстарды ұсыну. Мектеп кітапханасында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Букросинг» бұрышын құру	«Оқуға құштар мектеп» жобасын жалғастыру	Мектеп кітапханасының пән мұғалімдерінің құжаттамалары	тақырыптық	бақылау	тамыз	Мектеп кітапханашысы А. Айткулова	ПК	Хаттама, бұйрық	Әр тоқсан сайын

Үйірме және секция жұмыстары	Үйірме және секция жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру	Мұғалім құжаттамасы Оқушылар қызығушылығы	тақырыптық	Жаппай	қыркүйек	Тәрбие орынбасары А. Налибаева Пән мұғалімдері	ДЖК	Хаттама, бұйрық	Қыркүйек, қаңтар
Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен үйден оқыту бойынша жұмыс құжаттарды реттеу. ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы	1. КТЖ ның оқу пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларына, жеке оқу бағдарламаларына сәйкестігін анықтау. 2. КТЖ ны әзірлеудің дұрыстығын анықтау	Оқу жұмыс жоспары, дәрігер құжаттамалары	Тақырыптық	Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу	Қыркүйек	ДОДЖО Б.Сагинбаев	Педагогикалық кеңес		
Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы	Құжаттардың талапқа сай толтырылуын қамтамсыз ету.	Құжаттама	Фронталды	Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу	Қыркүйек	ДОДЖО Б.Сагинбаев	ДЖК		
Электронды журналдың «Күнделік кз.» толтырылу жағдайы	Журналдың дер кезінде дұрыс толтырылуын, электронды журналды толтыру талаптарына сәйкестігін, бағалардың қойылуын анықтау.	Электронды журнал	Фронталды	Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу	Тоқсан сайын	ДОДЖО Б.Сагинбаев	ДЖК		
Жаппай оқумен қамтылу жағдайы	ҰБДҚ-на оқушылардың тіркелуін бақылау	ҰБДҚ қоры	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Қыркүйек Қаңтар	ДОДЖО Б.Сагинбаев	Директор жанындағы отырыс		
Педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі	Педагогтарды аттестаттауды уақтылы және нәтижелі болу үшін құжаттарының дайындық деңгейін анықтау.	Педагогтар құжаттамасы (білім сапасы)	Тақырыптық	Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу	Қыркүйек Қаңтар	ДБДЖО А. Ағыбаева	Әдістемелік кеңес		

Тәлімгерлік жүйесі қызметінің тиімділігі	Тәлімгерлік жоспарының қойылған мақсатқа сәйкестігі мен мерзімінде жүзеге асырылуын анықтау.	Тәлімгерлік жоспар	Тақырыптық	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Тамыз	ДОДЖО Б.Сагинбаев, ДБЖО А. Агыбаева	Әдістемелік кеңес	Мұғалімге әдістемелік көмек		
Мемлекеттік тілде іс-қағаздардың жүргізілуі	Қазақстан Республикасындағы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-І « ҚР Тіл туралы» Заңына сәйкес құжаттамалардың мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамсыз ету.	Құжаттамалар	Тақырыптық	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Тоқсан сайын	ДОДЖО Б.Сагинбаев	Директор жанындағы отырыс			
Ыстық тамақ пен медициналық қызметті Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы	Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамсыз ету.	Асхана, ас мәзірі	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама жүргізіу	Ай сайын	Директор К. Калдыгозова Әлеуметтік – педагог Б. Будембаева	Директор жанындағы отырыс			
Ата-аналар жиналысының, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кеңестің отырыстарының жүргізілуі	Хаттамалар мен бұйрықтардың талапқа сай толтыруын қамтамсыз ету.	Хаттамалар , бұйрықтар	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Желтоқсан Мамыр	ДОДЖО Б.Сагинбаев	Директор жанындағы отырыс			
Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру	ҚТ бойынша журналдардың дұрыс және уақтылы ресімделуін анықтау.	Нұсқаулық журнал	Тақырыптық	Кешенді-жалпылаушы бақылау / ҚТ құжаттарын тексеру	Қыркүйек	Директор К. Калдыгозова	Директор жанындағы отырыс			
Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау	Қалыптастырушы және жиынтық бағалаулардың жүргізуде талаптардың	Электронды журнал, БЖБ және ТЖБ кестесі	Фронталды	Сыныптық-жалпылаушы бақылау /	Тоқсан сайын	ДОДЖО Б.Сагинбаев	Директор жанындағы отырыс			

	бұзылуын уақытында анықтау.								
Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу	Мемлекеттік емтихандарды өткізу кестесінің сақталуы	Құжаттар	Тақырыптық	Сыныптық-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Сәуір	ДОЖО Б.Сагинбаев	Директор орынбасары жанындағы отырыс		
Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы	Білім алушылардың есепке алу кітабын толтыруда ықтимал қателіктер туралы ескерту. толтырылуы) қадағалау	Алфавиттік кітап	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Тоқсан сайын	ДОЖО Б.Сагинбаев	Директор жанындағы отырыс		
Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі	Оқушылардың әлеуметтік мәртебесін ескере отырып, оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейін анықтау.	Оқулық қоры	Тақырыптық	Кешенді-жалпылаушы бақылау / оқулықтар қорымен және оларды оқушылар арасында ашық түрде тарату жұмыстарымен танысу	Желтоқсан	Кітапханашы, әлеуметтік педагог	Директор жанындағы отырыс		